КОПИЯ/КӨШІРМЕ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2025 жылғы 15 қыркүйек №5265-25-00-2/2755 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
«Керемет КСК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Керемет КСК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Керемет КСК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.10.2025, судья Сейтжанұлы С., 22.04.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Информационная система «Төрелік»
Судопроизводство

5265-25-3-1/2868